

## **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КЕЙБІР АУДАНДАРДАҒЫ МІҚ ЖӘНЕ ҰМҚ БРУЦЕЛЛЕЗИНІҢ НЕГІЗГІ ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАРЫ**

*Қанатбаев С.Ф.* - биология ғылымдарының докторы, «Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми - зерттеу ветеринария стансасының» бас ғылыми қызметкері. Орал қ.

*Тұяшев Е.К.* - ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасының» аға ғылыми қызметкері. Орал қ.

*Нысанов Е.С.* - «Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасының» ғылыми қызметкері. Орал қ.

Біздің елімізде бруцеллез ауруы мал арасында жыл сайын азаймай отыр, ауылшаруашылық фермерлерінің жұмыстарына кедергі келтіруде, яғни малдардан алынатын өнім сапасын төмендетіп, ел экономикасын шығынға батырып, адам денсаулығына қауіп тудырады.

Бруцеллез індетімен ауыл шаруашылық жануарлары ғана емес, сонымен қатар адамдарда ауырады, біздің ел ТМД елдерімен салыстырғанда алғашқы орындарды бірін алып отыр.

Мақалада Ақтөбе облысының кейбір аудандарындағы ірі және ұсақ мүйізді малдар бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдайы келтірілген. Ақтөбе облысында мүйізді ірі қара бруцеллезі соңғы 3 жылда кең таралуда және ауру көрсеткіші 0,9 – 1,1% -дан төмендемей отыр.

Ақтөбе облысы бойынша ауылшаруашылық малдарының бруцеллезінің індеттанулық ерекшеліктері және індет таралуының негізгі қауіпті факторлары келтірілген.

Аурудың кең таралуына жергілікті тұрғындардың ветеринариялық-санитариялық ережені бұзуы, кезінде алдын-алу шараларды жүргізілмеуі қауіпті факторлар болып саналады.

Негізгі сөздер: эпизоотия, мониторинг, зерттеу, алдын-алу, жануарлар.

## **ОСНОВНЫЕ ОПАСНЫЕ ФАКТОРЫ БРУЦЕЛЛЕЗА КРС И МРС В НЕКОТОРЫХ РАЙОНАХ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

*Канатбаев С. Г.* - доктор биологических наук, главный научный сотрудник, Западно – Казахстанская научно – исследовательская ветеринарная станция филиал ТОО «Казахский научно – исследовательский ветеринарный институт», г. Уральск

*Туяшев Е. К.* - кандидат ветеринарных наук, старший научный сотрудник, Западно – Казахстанская научно – исследовательская ветеринарная станция филиал ТОО «Казахский научно – исследовательский ветеринарный институт», г. Уральск

*Нысанов Е. С.* – научный сотрудник, Западно – Казахстанская научно – исследовательская ветеринарная станция филиал ТОО «Казахский научно – исследовательский ветеринарный институт», г. Уральск

В нашей стране распространение бруцеллеза среди животных с каждым годом не уменьшается, это тормозит работу сельскохозяйственных фермеров, приводит к снижению качества продукции животноводства, наносит большой ущерб экономике страны и создает угрозу здоровью населения.

Бруцеллезной инфекцией заболевают не только сельскохозяйственные животные, но и население, среди стран СНГ наша страна по этому показателю занимает одно из первых мест.

В статье приведены данные по эпизоотической ситуации по бруцеллезу крупного и мелкого рогатого скота в некоторых районах Актобинской области. Последние 3 года в Актобинской области бруцеллез имеет широкое распространение среди крупного рогатого скота, заболеваемость скота не опускается ниже 0,9 – 1,1%.

Описаны особенности эпизоотологии бруцеллеза сельскохозяйственных животных по Актобинской области и приведены основные опасные факторы распространения инфекции.

Широкому распространению болезни способствуют невыполнения со стороны населения правил ветеринарно-санитарных мероприятий, несвоевременное проведение профилактических мероприятий считаются опасными факторами распространения.

Ключевые слова: эпизоотия, мониторинг, исследование, профилактика, животные

## **MAIN RISK FACTORS OF BRUCELLOSIS OF CATTLE AND SMALL CATTLE IN SOME AREAS OF AKTOBER REGION**

Kanatbayev S.G. - doctor of biological sciences, chief scientific officer, West - Kazakhstan scientific - research branch of the Veterinary Station "Kazakh Scientific - Research Veterinary Institute", Uralsk

Tuyashev E.K. - Candidate of Veterinary Sciences, West - Kazakhstan scientific - research branch of the Veterinary Station "Kazakh Scientific - Research Veterinary Institute", Uralsk

Nysanov E.S. - Researcher, West - Kazakhstan scientific - research branch of the Veterinary Station "Kazakh Scientific - Research Veterinary Institute", Uralsk

*Every year in our country the spread of Brucellosis among animals does not decrease, it hinders the work of agricultural farmers, leads to a reduction in the quality of animal products, causing great damage to the economy and poses a threat to public health.*

*Not only livestock, but also the population within CIS are sickening for Brucellosis. Our country is one of the first places.*

*The article presents data on the epizootic situation of Brucellosis of cattle and small cattle in some areas of Aktober region.*

*Recent 3 years Brucellosis is widespread among cattle in Aktober region, the incidence does not decrease below 0,9-1,1%.*

*The wide spread of the disease provides the failure of complying with veterinary and sanitary measures by the population and untimely conduct preventive measures are considered to be dangerous.*

Keywords: Epizooty, monitoring, investigation, preventive measures, animals.

Бруцеллез зооантропонозды жұқпалы ауру. Біздің елімізде де бұл ауру жыл сайын азаймай отыр, ауылшаруашылық кәсіпкерлерінің жұмыстарына кедергі келтіруде, яғни малдардан алынатын өнім сапасын төмендетіп, ел экономикасын шығынға батырып, адам денсаулығына қауіп тудырып, сонымен қатар әлеуметтік зиян да келтіруде.

Бруцеллез індетімен ауыл шаруашылық жануарлары ғана емес, сонымен қатар адамдарда ауырады. Қазақстанда мәліметтер бойынша жыл сайын бруцеллезбен ауырған 2500-3000 адам тіркеледі, яғни біздің ел ТМД елдерімен салыстырғанда алғашқы орындарда бірін алып отыр.

Қазіргі таңда бруцеллездің негізгі эпидемиологиялық ошақтары – Республикамыздың басым көпшілік аймақтарында тіркелген. Адам үшін бруцеллез қоздырушысының негізгі бастауы ауруға шалдыққан қой-ешкі бруцеллезі болып табылады. Аурудың эпидемиялық өршуі осы жануарлардың індеттік жағдайына байланысты.

Адамдардың бруцеллезбен залалдануы жанаспалы, алиментарлы жолмен, кейде сирек жағдайда ауа арқылы болып отырады. Адамдардың алиментарлы жолмен залалдануы көбінесе сүтті және сүт өнімдерін шикі күйінде, пісірмей тағамға қолдану арқылы жұқтырады[1].

Ақтөбе облысы - Қазақстанның солтүстік-батыс өңірінде орналасқан әкімшілік бірлік. Территориясы бойынша Қарағанды облысынан кейінгі екінші орында. Солтүстікте - Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде - Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстанмен, батысында - Маңғыстау облысы, Атырау және Батыс Қазақстан облысымен, шығысында - Қостанай облысымен, оңтүстік-шығысында Қызылорда облысымен шектесіп жатыр.

Облыс солтүстіктен оңтүстікке дейін 700 шақырым, шығыстан батысқа дейін 800 шақырым жерге созылған 300 мың шаршы шақырым аумақта орналасқан. Аумағында 6 қала, 2 кент бар. Ақтөбе облысы - Қазақстан Республикасындағы ірі ауыл шаруашылық аймағы. Ақтөбе бидайы жоғары құрамдағы ақуыз және ұлпасымен ерекшеленеді. Облыстың ауыл шаруашылығы мал өсіруге, әсіресе қой және ірі қара, жылқы, түйе өсіруге маманданған.

Зерттеу деректеріне сүйенсек, Ақтөбе облысында ірі және ұсақ мүйізді мал бруцеллезіне індеттанулық мониторинг жүргізілген [2] және осы инфекцияның 2015 жылы таралу жөніндегі болжам келтірілген.

*Зерттеу мақсаты* Ақтөбе облысы бойынша ауылшаруашылық малдарының бруцеллезінің індеттанулық ерекшеліктері және індет таралуының негізгі қауіпті факторларын анықтау.

*Зерттеу міндеттері* Ақтөбе облысының кейбір аудандарындағы ірі және ұсақ мүйізді малдар бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдайды зерттеу және індеттің қан таралу себептерін анықтау.

*Материалдар және зерттеу әдістері.* Ақтөбе облысындағы ауылшаруашылық малдар бруцеллез ауруының эпизоотиялық жағдайын және осы індеттің пайда болуының негізгі қауіпті факторларын облыстық ветеринариялық есеп деректері бойынша және Қобда, Мәртөк, Алға және Ырғыз аудандарында іс-сапар кезінде жинадық. Ірі және ұсақ мүйізді қара арасында кездесетін бруцеллез ауруы бойынша эпизоотиялық зерттеулерді белгілі әдістермен жүргіздік [3].

*Зерттеу жұмыстарының нәтижелері.* Зерттеу жұмыстары кезінде Ақтөбе облысы мүйізді ірі қара бруцеллезі бойынша 2014-2015 жылдардағы эпизоотиялық жағдайды зерттедік (1 кесте).

1 кесте – Ақтөбе облысы мүйізді ірі қара 2014-2015 жж. аралығындағы бруцеллезге зертханалық диагностикалық тексерілген мүйізді ірі қараның саны

Аудан, Қала атауы	2014ж.			14.09.2015ж		
	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	ауру %	Тексерілгені, бас	Ауруға шалдыққаны, бас	ауру %
Әйтеке	35850	435	1,2	29533	615	2,1
Алға	2600	444	1,7	22861	246	1,1
Байганин	30500	258	0,8	23933	193	0,8
Ырғыз	26000	65	0,3	23174	80	0,3
Қарғалы	15000	30	0,2	16435	46	0,3
Қобда	23000	705	3,1	23082	313	1,4
Мәртөк	21000	57	0,3	21426	119	0,6
Мұғалжар	38000	590	1,6	33102	433	1,3
Темір	34800	550	1,6	26177	414	1,6
Ойыл	33000	439	1,3	21695	222	1,0
Хромтау	22000	89	0,4	22536	222	1,0
Шалқар	27000	77	0,3	23520	62	0,3
Ақтөбе қ.	10027	112	1,1	9513	143	1,5
<b>Барлығы</b>	<b>342177</b>	<b>3851</b>	<b>1,1</b>	<b>296987</b>	<b>3108</b>	<b>1,0</b>

1 кестеде көрсетілгендей, Ақтөбе облысында мүйізді ірі қара бруцеллезі соңғы 2 жылда кең таралған және ауру көрсеткіші 0,9 – 1,1% -дан төмендемей отыр. Облыс бойынша бруцеллезбен 2014жылы - 3851 бас (1,1%), 2015 жылы (8ай) – 3108 бас (1,0%) ауырған.

Әсіресе, осы жылдары Қобда ауданында 1950 мал басы, Әйтеке ауданында 1894 мал басы және Мұғалжар ауданында 1805 мал басы бруцеллезбен ауырған. Дегенмен ауруға шыққан ірі және ұсақ мүйізді қара малды сою облыста үлкен проблема болып тұр. Санитарлық малдар Ақтөбе (Тандем-W), Қостанай және Орал облыстарындағы ет өңдейтін кәсіпорындарға жіберілген.

2014жылы ірі қара мал арасында сарып ауруынан 25 елді-мекенде сауықтыру жұмыстары жүргізіліп, жылдың аяғында оның 3-нен шектеу алынса, тағы да 3-і сауықтырылған. 2015жылғы 15 қыркүйектегі ақпарат бойынша Ақтөбе облысында мүйізді ірі қара бруцеллез ауруынан сауықтыру жұмыстары 17 елді-мекенде жүргізіліп, қазіргі уақытта оның 5-нен шектеу алынған. Бруцеллезден ең көп қолайсыз елді-мекендер Қобда ауданында анықталған (5 елді-мекен).

Облыстағы 151 ауылдық округының 116-да бруцеллезге оң реакция берген малдар саны анықталған. Әсіресе, Әйтеке ауданы Құмқұдық а/о-ында ауру көрсеткіші 5,9%, ал Құмқұдық а/о-ында – 9,4%, Мұғалжар ауданы Жұбанов а/о-ында – 9,0%, ал Талдысай а/о-ында – 7,2%. Бірақ бұл елді-мекендер бруцеллез ауруынан қолайсыз деп табылмаған және оларға шектеу салынбаған.

Осы фактілер бруцеллез ошақтары тіркелген қолайсыз елді мекендер санымен ауру малдары бар ауылдық округтар саны сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Байганин ауданында ересек мүйізді ірі қара мал арасында биыл бруцеллезден ауру көрсеткіші - 0,8% болса, ал олардың төлдерінің арасында бұл көрсеткіш – 2,5%.

Мұғалжар ауданында ересек МІҚ арасында ауру көрсеткіші - 1,3% болса, ал олардың төлдерінің арасында бұл көрсеткіш – 3,4%.

Темір ауданында сәйкесінше – 1,6 және 4,2. Тек биыл бұзауларды ИФА әдісімен зерттегенде 928 ауру мал анықталды. Биыл облыс бойынша 4459 бас түйе зерттеліп, 39 басы (0,9%) ауру болып табылған.

Бұл мәліметтер бруцеллез ауруы бойынша эпизоотиялық жағдайдын күрделі екенін көрсетеді.

Аурудың кең таралуына жергілікті тұрғындардың ветеринарлық-санитарлық ережені бұзуы себеп болып отыр. Ветеринарлық құжатсыз малдарды сатып-алу, көшіп-қону және жергілікті мамандарға осы туралы мәліметтер бермеу.

Бруцеллез ауруының таратушысы болып тек қана ауылшаруашылық малдар емес, онымен қатар иттер де есептеледі.

Мәселен, Мәртөк ауданы Қызыжар ауылдық округі Шевченко ауылында 2014-2015жылдары бруцеллезбен 8 бас мүйізді ірі қара және 30 бас ұсақ мүйізді қара ауырған. Себепін анықтау кезінде

басқа ауданнан көшіп келген адамдардың малдары таза болып, бірақ олардың 3 иті серологиялық зерттеу кезінде бруцеллезге оң реакция берген.

Ақтөбе облысы бойынша ұсақ мал бруцеллезі азаймай отыр. 2014 жылы облыс бойынша 3953 ұсақ мал бруцеллезбен ауырса, 2015 жылы (8 ай) – 3166 бас ауырған.

Соңғы 3 жылда ең көп ауру малдар Ойыл – 3284 бас, Алға – 2000 бас, Қобда аудандарында – 1597 бас кездеседі.

Білтабан а/о-інде биыл 25 бас миқ, ал Бегәлі а/о 55 ұсақ мал бруцеллезбен ауырған. Мысалы, Білтабан а/о-де 2013ж. бруцеллезбен 43МІҚ және 19 ҰМҚ ауырса, 2014ж. 50 МІҚ және 53 ҰМҚ ауырған. Бегәлі а/о-де 2013ж. бруцеллезбен 3 МІҚ 6 және 242 ҰМҚ ауырса, 2014ж. 85 МІҚ және ҰМҚ 2 ауырған. Индеттің кең таралуына бірнеше себептер бар: өткен жылдары малдар ай сайын емес, 2-3 айда 1 рет зерттелген, сондықтан ауру малдар дер кезінде анықталмаған.

Мәртөк ауданында 3 елді-мекендеріне МІҚ бруцеллезінен, 1 елді-мекеніне ҰМҚ бруцеллезінен шектеу салынған.

Осы жылы Байнассай ауылдық округінде 37 бас миқ, Қызылжар ауылдық округінде 24 бас ҰМҚ ауырған. Егерде 2013-2014жж. осы ауданда ауру малдар өте аз болса, биыл мәліметтер бойынша көбейген. Малдардың толық және кезінде зерттелмеуі, ауру кезінде оқшауланбауы қауіпті факторлар болып саналады.

Алға ауданында биыл 22861 МІҚ бруцеллезге зерттеліп, оның 246-і оң нәтиже берген. Осы ауданда 1 елді-мекенге (Сарықобда а/о) - МІҚ бруцеллезінен және тағы 1 елді-мекенге (ШҚ «Светлана» Маржанбұлақ а/о, Жолөткен қыстағы) – ҰМҚ бруцеллезінен шектеу салынған.

2015ж (8ай) деректер бойынша Ырғыз а/о-да ересек МІҚ арасында бруцеллез ауруы 0,6% болса, төлдер арасында ИФТ әдісімен 13,6% ауру анықталған. Аманкөл а/о-да сәйкесінше 0,5% және 6,3%, Қызылжар а/о-да сәйкесінше 0,1% және 1,7%, Құмтоғай а/о-да сәйкесінше 1,1% және 18,2 % құраған.

Бұл мәліметтер бруцеллез ауруы бойынша эпизоотиялық жағдайдың күрделі екенін көрсетеді.

Қорытынды:

1. Ауруға шыққан ірі және ұсақ мүйізді қара малды сою облыста үлкен проблема болып тұр.

2. Ақтөбе облысында мүйізді ірі қара бруцеллез ауруынан сауықтыру жұмыстары 17 елді-мекенде жүргізіліп, қазіргі уақытта оның 5-нен шектеу алынған. Бруцеллезден ең көп қолайсыз елді-мекендер Қобда ауданында анықталған (5 елді-мекен).

3. Аурудың кең таралуына жергілікті тұрғындардың ветеринарлық-санитарлық ережені бұзуы себеп болып отыр. Ветеринарлық құжатсыз малдарды сатып-алу, көшіп-қону және жергілікті мамандарға мәліметтер бермеу.

Ақтөбе облысы Қобда, Мәртөк, Алға және Ырғыз аудандарында МІҚ және ҰМҚ бруцеллезінің негізгі қауіпті факторлары:

а) санитарлық малдарды соятын ет өңдейтін кәсіпорындардың қуаттылығы жетіспеуі;

б) бруцеллезден шектеу салынбауы, сондықтан ауруға қарсы тиесілі шаралар жүргізілмеуі, ауру малдардың кезінде оқшауланбауы;

в) селолық округ бруцеллезден қолайсыз болғанына қарамастан, шектеу шаралары тек қана бір қыстаққа салынуы;

г) мекендерге кезінде шектеу салынғанмен, малдарды ай сайын емес, 2-3 айда 1 рет зерттелуі;

д) бруцеллез ошақтары тіркелген қолайсыз елді мекендер санымен ауру малдары бар ауылдық округтар саны сәйкес келмеуі.

#### Әдебиеттер:

1. Иванов Н.П. Бруцеллез животных и меры борьбы с ними . –А.,2007.-609 .

2. Абуталип А.А., Абсатиров Г. Г., Матихан Н., Шытырбаева З., Исалдаева Р. Эпизоотолгический мониторинг и прогнозирование бруцеллеза животных в Актюбинской области РК // Интеграция науки и практики в обеспечении ветеринарного благополучия. Мат. междун. научно-практ. конф. Алматы, 2015.- с. 24-30.

3. Руководство по общей эпизоотологии/под ред. И.А.Бакулова, А.Д. Третьякова. – М.:Колос, 1979. - 424с.

#### References:

1. Ivanov N.P. Brucelez zhyvotnyh i mery bor'by s nimi . –А.,2007.-609 .

2. Abutalip A.A., Absatirov G. G., Matihan N., SHytyrbaeva Z., Isaldaeva R. Epizootologicheskij monitoring i prognozirovanie brucelleza zhyvotnyh v Aktjubinskoj oblasti RK // Integracija nauki i praktiki v obespechenii veterinarnogo blagopoluchija. Mat. mezhhdun. nauchno-prakt. konf. Almaty, 2015.- s. 24-30.

3. Rukovodstvo po obshhej jepizootologii/pod red. I.A.Bakulova, A.D. Tret'jakova. – М.:Kolos, 1979. - 424s.

#### Авторлар жайлы мәлімет

Қанатбаев С.Ф. - «Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасының» бас ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының докторы, Орал қ., Гагарина к 52/1, тел. 87756502296, факс 87112282896; e-mail: serik\_kg@mail.ru

Тұяшев Е.К. - ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасының» аға ғылыми қызметкері. Орал қ., Гагарина к 52/1, тел. 87753705702, факс 87112282896; e-mail: esen\_kurmash@mail.ru.

Нысанов Е. С. - ғылыми қызметкер, «Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасының» ғылыми қызметкері. Орал қ., Гагарина к., 52/1, тел. 87472926057, факс 87112282896; e-mail: uralskaya.nivs@mail.ru

Канатбаев С. Г. – главный научный сотрудник Западно – Казахстанской научно – исследовательской ветеринарной станции филиала ТОО «Казахский научно – исследовательский ветеринарный институт», доктор биологических наук, г. Уральск, ул. Гагарина 52/1, тел. 87756502296, факс 87112282896; e-mail: serik\_kg@mail.ru

Туяшев Е. К. - старший научный сотрудник Западно – Казахстанской научно – исследовательской ветеринарной станции филиала ТОО «Казахский научно – исследовательский ветеринарный институт», кандидат ветеринарных наук, г. Уральск, ул. Гагарина 52/1, тел. 87753705702, факс 87112282896; e-mail: esen\_kurmash@mail.ru.

Нысанов Е. С. – научный сотрудник Западно – Казахстанской научно – исследовательской ветеринарной станции филиала ТОО «Казахский научно – исследовательский ветеринарный институт», г.Уральск, ул. Гагарина 52/1, тел. 87472926057, факс 87112282896; e-mail: uralskaya.nivs@mail.ru

*Kanatbayev S.G. - chief Scientific Officer of the West - Kazakhstan scientific - research veterinary station of the branch "Kazakh Scientific - Research Veterinary Institute", doctor of Biological Sciences, Uralsk, st. Gagarina 52/1, phone:87756502296, fax 87112282896; e-mail: serik\_kg@mail.ru*

*Tuyashev E.K. – senior researcher, West - Kazakhstan scientific - research veterinary station of the branch "Kazakh Scientific - Research Veterinary Institute", the candidate of veterinary sciences, Uralsk, st. Ga6+garina 52/1, phone:87753705702, fax 87112282896; e-mail: esen\_kurmash@mail.ru.*

*Nysanov E.S. – researcher, West - Kazakhstan scientific - research veterinary station of the branch "Kazakh Scientific - Research Veterinary Institute", Uralsk, st. Gagarina 52/1 phone:87472926057, fax 87112282896; e-mail: uralskaya.nivs@mail.ru*